

## Тест спецификациясы

**1. Тақырыбы:** «Қазақ тілі және әдебиеті» блогы бойынша педагог қызметкерлерге арналған тест.

**2. Құрастырылу мақсаты:** Тест бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу мақсатында құрастырылған.

**3. Міндеті:** Педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

**4. Тест мазмұны:** Тест үш блоктан тұрады.

Б1 бөлігі - бір дұрыс жауабы бар (1/5) 50 тапсырма,

Б2 бөлігі - бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (б/б) 10 тапсырма,

Б3 бөлігі - екі мәнмәтінге бір дұрыс жауабы бар 10 тапсырма.

Тестке негізгі бөлімдердің материалдары енгізілді.

Тест тапсырмалары 3 күрделілік деңгейінен тұрады.

Бірінші деңгей (А) - 18 тапсырма.

Екінші деңгей (В) - 42 тапсырма.

Үшінші деңгей (С) - 10 тапсырма.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Күрделілік деңгейі	Тапсырма формасы	Тапсырма саны
1	Лексика. Сөздік қор.	1	Сөздің тура және ауыспалы мағыналары. Көп мағыналы сөздер. Омоним, синоним, антоним, тұрақты тіркес, мақал-мәтел. Көнерген сөздер, неологизмдер. Кірме сөздер мен диалект сөздер, кәсіби сөздер мен терминдер. Табу. Эвфемизмдер мен дисфемизмдер.	В	1/5	3
2	Фонетика. Үндестік заңы. Буын және тасымал.	1	Тіл дыбыстары туралы жалпы ұғым. Дауысты, дауыссыз. дыбыстардың жіктелуі Үндестік заңы. Орфография, орфоэпия. Буын және тасымал. Екпін. Екпіннің түрлері.	В	1/5	3
3	Сөзжасам.	1	Сөздік құрам. Түбір сөз. Түбір және қосымша. Жұрнақ. Туынды түбір мен түбірлес сөздер. Біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөздер.	В	1/5	3
4	Морфология. Зат есім, сын есім.	1	Зат есімнің түрлері. Сын есімнің түрлері.	В	1/5	3

5	Сан есім, есімдік.	1	Сан есімнің түрлері. Есімдіктің түрлері.	В	1/5	2
6	Етістік	1	Етістіктің түрлері, категориялары.	А	1/5	3
7	Үстеу. Еліктеу сөздер, одағай, шылау.	1	Үстеудің түрлері. Еліктеу сөздер, одағай, шылау.	В	6/6	1
8	Синтаксис. Сөз тіркесі, сөйлем	1	Сөз тіркесінің түрлері. Сөйлемнің айтылу мақсатына қарай бөлінуі.	В	6/6	1
9	Сөйлем мүшелері.	1	Сөйлем мүшелері. Сөйлемнің бірыңғай, айқындауыш, жалпылауыш мүшелері.	В	1/5	2
10	Жай сөйлем.	1	Жақты, жақсыз сөйлем. Жалаң және жайылма сөйлем. Толымды, толымсыз және атаулы сөйлем.	А	6/6	1
11	Құрмалас сөйлем.	1	Салалас, сабақтас құрмалас сөйлем, түрлері.	В	6/6	1
		2	Аралас құрмалас сөйлем, түрлері.	С	1/5	2
12	Оқшау сөздер, төл сөз.	1	Оқшау сөздер. Қыстырма және қаратпа сөздер. Төл сөз, автор сөзі, төлеу сөз. Одағай сөздер.	А	1/5	3
13	Пунктуация. Тыныс белгілері.	1	Нүкте, көп нүкте. Қабаттаса келген тыныс белгілері. Тырнақша, жақша.	С	6/6	1
14	Стилистика. Сөз мәдениеті. Шешендік сөз.	1	Стиль, оның түрлері. Сөз мәдениеті. Шешендік өнердің тарихы. Шешендік сөздің түрлері.	С	1/5	1
15	Ежелгі дәуір әдебиеті.	1	Орта ғасырдағы түркі әдебиеті (Әбунасыр әл-Фараби, Ахмет Йассауи, Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқари).	В	1/5	3
16	Ауыз әдебиеті.	1	Тұрмыс-салт жырлары, ертегілер. Аңыздар, шешендік сөздер, айтыс, оның түрлері. Мақал-мәтел, жұмбақтар.	А	1/5	3
		2	Батырлар жыры. Лиро-эпостық жырлар.	А	1/5	3

17	Жыраулар поэзиясы. (XV – XVIII ғ. әдебиеті).	1	Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз жырау, Бұхар жырау, Ақтамберді, Жиёмбет, Үмбетей.	В	1/5	3
18	XIX ғ. I жартысындағы әдебиет.	1	Махамбет Өтемісұлы, Дулат Бабатайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы, Сүйінбай Аронұлы. Майлықожа.	В	1/5	3
19	XIX ғ. II жартысындағы ағартушылар.	1	Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсарин.	В	1/5	2
20	Абай Құнанбайұлы.	1	Өмірі, өлеңдері, поэмалары мен қарасөздері.	В	б/б	1
21	XIX ғ. II жартысындағы әдебиет. Ақын - сазгер - әншілер	1	Біржан сал, Ақан сері, Ә.Найманбаев, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ.	В	б/б	1
22	XX ғ. басындағы әдебиет.	1	С.Торайғыров. Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин.	В	б/б	1
23	Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет	1	Қасым Аманжолов, Баубек Бұлқышев, Жамбыл Жабаев. Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин.	С	1/5	1
		2	Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы, 20-30ж. әңгімелері, аудармалары, драматургиясы. Романдары. «Абай жолы» роман-эпопеясы.	С	б/б	1
24	Туысқан халықтар әдебиеті.	1	Туысқан халықтар әдебиеті. Р.Ғамзатов, М.Жәлел, Ш.Айтматов т.б.	А	б/б	1
25	Әдебиет теориясы.	1	Троп, фигура, өлең құрылымы, ұйқасы және олардың түрлері.	С	1/5	2

26	XX ғ. ортасы және аяғындағы әдебиет, қазіргі заман әдебиеті.	1	Поэзия М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Ф. Оңғарсынова, Ж.Молдағалиев, О.Сүлейменов, М.Шаханов, Ж.Нәжімеденов, Т.Айбергенов, Қ.Бекқожин, С Жүнісов.	В	1/5	3
		2	Проза және драматургия. І.Есенберлин, Ә.Нұрпейісов, Т.Ахтанов, Б.Момышұлы, М.Мағауин, Д.Исабеков, Ә.Кекілбаев, Ш.Мұртаза, О.Бөкей, Қ.Жұмаділов, Б.Соқпақбаев.	В	1/5	2
27	Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).	Қазақ тілі (1 мәтінге 5 тапсырма)	А,А,В,В, С	1/5	5	
		Қазақ әдебиеті (1 мәтінге 5 тапсырма)	А,А,В,В, С	1/5	5	
<b>Тестінің бір нұсқасында тапсырмалар саны</b>						<b>70</b>

### 5. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

**Фонетика мен графика:** орфографиялық және орфоэпиялық дағдылар.

**Орфоэпия мен орфография:** әдеби тіл нормалары мен орфографиялық біліктіліктері.

**Лексика:** тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу.

**Сөзжасам:** тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу.

**Морфология:** тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу.

**Синтаксис:** тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білу.

**Пунктуация:** тыныс белгілерді қолдана білу дағдылары;

**Стилистика:** әдеби тілді меңгеру дәрежелері, сөйлем құрау дағдылары.

**Халық ауыз әдебиеті:** түрлері, ерекшеліктері.

**Ежелгі дәуір әдебиеті:** жазба ескерткіштерінің тарихы, түрлері.

**XI-XVIII ғ. әдебиет:** жыраулар поэзиясының даму кезеңдері, өкілдері.

**XIX ғ. I жартысындағы әдебиет:** әдеби ағымдар.

**XIX ғ. II жартысындағы әдебиет:** жаңа әдеби ағымдар мен бағыттардың, реализмнің тууы.

**XX ғ. басындағы әдебиет:** 20-30 жылдардағы әдебиет; әдеби жанрдың дамуы және көрнекті өкілдері.

**Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет:** Ұлы Отан соғысы кезіндегі және одан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінде соғыс, отаншылдық тақырыптың қалыптасуы; жанрлардың дамуы және көрнекті өкілдері.

**Туысқан халықтар әдебиеті:** туысқан халықтар әдебиеті туралы түсінігі.

**Әдебиет теориясы:** әдеби-теориялық ұғымдар түсінігі.

**Қазіргі әдебиет:** қазіргі заман әдебиеті, жанрлық ерекшелігі.

### 6. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт - 2 минут.

Тестінің толық орындалу уақыты – 140 минут.

## **7. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:**

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;
- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда күрделілік деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады.

Бір тестіде 70 тапсырма.

## **8. Бағалау.**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін - 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін - 2 балл,

- жіберілген бір қате үшін - 1 балл,
- екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

## **9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

2. Қазақ тілі. Т.М.Артыкова, Б. Немеренова. Учебник для 7 класса общеобразовательной школы с русским языком обучения, Алматы «Атамұра» 2007;

3. Қазақ тілі мен әдебиеті, Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Қ.С.Жайлаубаева 2019, Алматы: Көкжиек-Гаризонт, 8-сынып;

4. Қазақ тілі, Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С.Рахметова, Қ.С.Жайлаубаева 2019, Алматы: Көкжиек-Гаризонт, 9 сынып;

5. Қазақ тілі, Ф.Ш.Оразбаева, Ж.Т.Дәулетбекова, А.Қ.Рауандина, Р.С. Рахметова, Б.Қ.Мүкеева, Алматы: Көкжиек-Гаризонт, 10 сынып, 1 бөлім;

6. Қазақ тілі, Т.Артыкова, 2012, 7-сынып;

7. Қазақ тілі, Т.Артыкова, 2015 ж., 6-сынып;

8. Қазақ тілі, С.Дюсебаев, 2008, Бағдарлама №1080, 9 сынып;

9. Қазақ тілі, Т. Артыкова, Б. Немеренова, 2007 ж., Бағдарлама №1080, 5-сынып;

10. Қазақ тілі, Т.Артыкова, Г.Ермекбаева, «Атамура»2012ж. 8 сынып;

11. Қазақ тілі, Т.Артыкова 2010 ж. «Атамура» 5 сынып 11.Қазақ әдебиеті, К.Абдесулы 10 бет, 7-сынып, Астана «Арман-Пв» 2011ж.;

12. Қазақ әдебиеті, О.Абдиманулы, С.Дюсебаев.11-сынып, Алматы, «Мектеп», 2015 ж.;

13. Қазақ әдебиеті, Турсынғалиева. 68 бет 6-сынып, Астана «Арман- Пв», 2011 ж.;

14. Қазақ әдебиеті, У.Асыл, 10-сынып, Алматы, «Мектеп», 2014 ж.;

15. Қазақ әдебиеті, С.Дүйсебаев 8-сынып, 12 бет Алматы, «Білім»,2009.